**Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған акциз ставкалары туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 12 наурыз N 230. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.28. N 137 қаулысымен. ~P000137

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Акцизделетін тауарлар: араққа, ликер-арақ бұйымдарына, күшейтілген сусындарға, күшейтілген шырындар мен бальзамдарға, коньяктарға 1999 жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға

арналған акциз ставкалары туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608 қаулысымен бекітілген акциз ставкалары қолданылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларға арналған акциз ставкалары туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы N 608
P980608_
қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1998 ж., N 20, 176-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасында:

мынадай жолдар:

"2710 00270-     Бензин
2710 00 360                    1 тонна   64     133

2710 00610,      Дизель отыны
2710 00650
2710 00690,                    1 тонна   6      88

270900-ден       Газ конденсатын
                 қосқанда шикі мұнай     1 тонна   -      15"

мынадай редакцияда жазылсын:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "271000270<br>271 00 0360 | Бензин | 1 тонна | 50 | 133 |
| | мыналардан басқа:<br>саудада жанама салықтар "шыққан елі" принципі бойынша алынатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын мүше мемлекеттерге экспортталатын бензин | 1 тонна | 20 | -" |
| 2710 00610,<br>2710 00650,<br>2710 00690 | Дизель отыны | 1 тонна | 6 | 88 |
| 2709 00-ден | Газ конденсатын қоса алғанда шикі мұнай | 1 тонна | - | -". |

3. Осы қаулы жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК